

14 ноября 1989 года и 26 апреля 1991 года были приняты законы СССР и РСФСР "О реабилитации репрессированных народов", в основном дублировавшие друг друга.

С одной стороны, они предусматривали "признание и осуществление их права на восстановление территориальной целостности, существовавшей до антиконституционной политики насильственного перекраивания границ, на восстановление национально-государственных образований, сложившихся до их упразднения, а также на возмещение ущерба, причиненного государством".

С другой стороны, указывалось, что "процесс реабилитации не должен ущемлять права и законные интересы граждан, проживающих в настоящее время на данных территориях".

Трудноразрешимое противоречие привело к конфликтам, так до конца не разрешенным.

Список использованной литературы:

1. Чечня, 1941-1944: фронт за линией фронта - Военный вестник. Февраль 2002 года N 2 (25)
2. Наказанный народ. Как депортировали чеченцев и ингушей - РИА "Новости", 22.02.2008 г.
3. Кречетников А. Операция "Чечевица": 65 лет депортации вайнахов. - BBCRussian.com, 23.02.2009.
4. Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов. - Вопросы истории. 1990.- № 7.-с. 32-36
5. П. Полян. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. О.Г.И — Мемориал, Москва, 2001 г.
6. Ольга Тимофеева. Сопrotивляемость организма - "Известия", 17.03.2004.
7. Бугай Н.Ф. Депортация народов. - Сб. "Война и общество", 1941-1945 книга вторая. - М.: Наука, 2004.

БАТЫС СІБІРДЕГІ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ А.ТҰРЛЫБАЕВ

Байдалы Р.Ж.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандығының PhD докторанты*

Бірінші дүниежүзілік және азамат соғысы аяқталғаннан кейін Ресейде бейбітшілік заман басталды. Қызылгвардияның капитализмге шабуылы аяқталды. Жаңа экономикалық саясат жұмыс істей бастады. Елді өзгертетін жаңа бағыт керек болды. Осы уақытта совет үкіметі дамыған сайын тап күресі шиеленісе түседі деген Сталиннің концепциясы пайда болды. Міне осы теория халыққа қарсы жаппай террордың негізіне айналды. Бұны алғашқылардың бірі болып шаруалар сезінді. «Бай құлақтарды тап ретінде жою» ұранымен дәулетті шаруа қожалықтарын құртты. Олардың сталиндік жүйеге жанталаса қарсылығы жеңіліспен аяқталды. Бұл Қазақстанда қазақ ауылдарында болса, Батыс Сібірде деревняларда жүргізілді. Ең негізгі

қарсыласты құртқаннан кейін, социализмді күшпен орнату үшін партия ішінде тазарту жұмыстарын жүргізу керек болды. 1937 жылдың ЦК ВКП (б) ақпан-наурыз пленумдарында үлкен террордың соңғы дайындық кезеңі болды. Террордың механизмі қалыптасты. Біз қарастыратын Омбы жеріндегі «Үлкен террорь» Мәскеуден басталды, ол, Бухарин ісімен байланысты болды. Оның негізгі айыптарының бірін Сібірмен байланыстырды. Бухарин мен Рыкоттың ісі бойынша Ежов баяндама жасап, тұтқындалған сібірлік Яковленконың мәлімдеуі бойынша 30-жылдардың басында Сібірде көтерілістің ошағы құрылды, оны Бухаринге әрдайым Яковленко хабарлап отырғанын, Батыс Сібір, Краснояр өлкесі, Шығыс Сібірдің кейбір аудандарында көтеріліс ұйымдастырылуы мүмкін екенін, соның нәтижесінде Бухарин Сібір мемлекетін құрып, Сталин жүйесін тоқтататыны туралы ойы пайда болғанын жеткізді. [1, 5 б.]. Міне осындай ойлап табылған фальшивканы дәлелдеу керек болды. Сол үшін Сібірдің көтеріліске дайындалғанын растау ғана қалды. Сондықтан Омбы өңірінде өздері ойлап тапқан көтеріліс ошақтарын аша бастады. Онда жүргендер, атап айтсақ: қалаларда патша үкіметі кезінде қызмет жасаған офицерлер, ауылдарда казачества, репрессияға ұшыраған шаруалар болды. Жалпы, барлық дәстүрлі дәстүрлі емес дін өкілдері, зиялылар, сауаттылар, ауыл, аудан басшылары және әртүрлі ұлт өкілдері назарға ілікті. Соның бірі де бірегейі Омбының байырғы тұрғындары қазақтар еді.

Бұл өңірде қазақтарға қарсы бағытталып, арнайы ұйымдастырылған жаппай қуғын-сүргін 1937 жылы Сібір әскери округі прокуратурасының жергілікті қазақтардың Кеңес үкіметін құлату мақсатында құрған астыртын лаңкестік ұйымын әшкерелеу туралы ойдан шығарған іс қозғауынан басталды. Оны олар 1933 жылдан бастады. Мұндай ұйымды аса беделді, жалпақ жамғатқа кеңінен белгілі адамдар басқарған болса өте нанымды шығатындықтан және елді соңынан ертіп кете алатын әділетті адамдардан құтылу мақсатында оларды халықтың жауы етіп көрсету әдісін қолданды. Сондықтан омбылық қазақтарға әбден танымал, қайраткер азаматтар Мұқан Әйтпенев пен Айдархан Тұрлыбаевтарға Сібір Қазақстан және Орта Азия халықтарының басын біріктіріп, түркі тектестердің біртұтас мемлекетін құруды мақсат етті және жер-жерде қарулы көтеріліс жасауға дайындық жүргізетін жасырын астыртын ұйымдардың «жүйесін құрды» деген айып тақты. Олардың «әрекеттері» сол уақытта Мәскеуде аса лауазымды қызмет атқарып отырған Тұрар Рысқұловтың есімімен байланыстырылып, Омбы өңірінде астыртын ұйымдар құруға тапсырманы бұлар содан және оның Қазақстан мен Түркістандағы сыбайластарынан алып отырғандегендері мұрағат деректеріндегі ашылған іс парақтарынан нақты көрініс тапты [2, 7 б.].

1937 жылдың мамыр айында Мұқан Әйтпенев тұтынға алынып, оның Балта ауылында Кеңес үкіметіне көңілі толмайтынын, олардың мұсылман дініне қысым жасап жатқанын, Республикаларда жөні дұрыс ұлттық саясат жүргізілмей, артта қалған ұлттарды қанап, жойып жіберу үшін дәстүрлі шаруашылықтарын аздырып-тоздырғанын, халықты күндерін көре алмайтын

халге жеткізгенін айтқаны үшін айыптады. Мысалы оның 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы қолдан жасаған ашаршылықта халықтың жаппай қырылуын, ащшы шындықты айтқаны үлкен айып болып тағылды[3, 6 б.].

НКВД тергеушілері қазақ ұлтшылдарының Сібірдегі барлық қазақ ауылында, Омбы, Новосибирск облыстарында, аудандарында бөлімшелерін құрған өте ауқымды астыртын ұйымды әшкерелегендігін Мәскеуге мақтанышпен хабарлап отырған. Бұрынғы «Алашорда» партиясына мүше болғандардың бәрі қамауға алынынып, оларға «Алашорда» астыртын ұйымның мүшелері деп айып тағылды. Ойдан шығарылған контрреволюциялық, лаңкестік ұйымның аса күрделі екендігін білдіру үшін орысша сауатты азаматтары жоқ ауылдардағы мұсылманша хат танитындардың барлығын бір күнде ұстап әкетіп, қамап тастаған. Намаз оқып, құран аударатындар тегіс қамауға алынып, ұрып-соғу, азаптау арқылы ешқашан жасамаған қылмыстарын мойындатқан.

Омбылық тарихшы В.М. Самасудовтың: «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников, и других антисоветских элементов» Из проекта оперативного приказа народного комиссара внутренних дел Союза ССР. Гор. Москва. 30 июля 1937 г.–депкелтірген құжатында Омбы облысы бойынша бірінші санат бойынша 1000, екінші санат бойынша 2500 адам репрессияға ұшырауы керек. Бұл операция 1937 жылдың 5 тамызында басталып 4 айда аяқталуы тиіс еді [4, 44-45 б.] дегені дәлел.

Омбыда үштіктер жұмысын Омбы облысынның НКВД басқармасының басшысы, Омбы облысынның партия хатшысы, облыстық атқарушы комитетінің төрағасы жүргізді. Үштіктің бірінші отырысы 1937 жылдың 5 тамызында болып №1 хаттамасы толтырылды. Жалпы 1937 жылдың ішінде олар 50 хаттама толтырған. Ал, айналдырған он күннің ішінде бірінші санаттағы 5444 адамды тұтқындап, бірінші санаттағы лимитті 8 мыңға дейін көбейтуді сұраған[4,47 б.]. Солақай саясатты шаш ал десе бас алатындар науқанға айналдырып, қаптаған халық жауларын іздеумен болған. Шаруашылық тұралап, егін орылмай, жұмыс істелмей жатқанда басшылар бас көтермей хаттама толтырумен болған.

Ең үлкен астыртын ұйымдардың бірі Шарлақ ауданында «әшкереленді». Бұл топтың тізіміне 41 адам тіркелген. Жасы жетпіс екіге келген Нұрпейіс Сәрсенов ақсақал оның басшысы болып есептелінді. Өйткені бұл кісі кезінде «Алашорда» партиясына мүше болған еді. Ауылдардағы дуалы ауыз, көргені көп, беделі биік, иманды инабатты ақсақалдардың барлығы астыртын ұйымның басшылары және дем беруші насихатшылары ретінде қамауға алынды. Осы 41 адамның 37-сі ату жазасына кесілді. Қалған 4 адам он жылға сотталды. 1937 жылдың 5 тамызында Павлоград ауданының ауылдарында зиянкестік әрекеттер жасау үшін құрылған айып тағылған топтың мүшелері Ш.Көпеев, Х.Байдаменов, Н.Рахымов, және контрреволюциялық троцкистік-зиновьевтік банданы мадақтады деп ұсталған Шарбақкөл ауданындағы «Жарық жұлдыз» колхозының мүшелері М.Бозов пен С.Салиндер Омбының төтенше үштігінің қаулысымен ату

жазасына кесілді. Сол жылдың 4 қыркүйегінде Павловград ауданынан ұлтшыл астыртын ұйым құрды деген айып тағылып, ағайында Омар және Ш.Есеновтер мен С.Әлжанов бастаған 18 азамат ату жазасына кесілді. Қазан айының соңында Русская Поляна ауданындағы қазақ ауылдарынан Қ.Марқашев 6-адам, М.Исабаев 4-адам және Қ.Жарасбаевтар 6-адам басқарды деген астыртын ұйымның үш бөлімшесі әшкереленіп, олардың барлығы атылды. 26 қазанда Азов ауданының 30 қазағына банды деп айып тағылып, оның 25-сі атылды. Қалғандары 10 жылға сотталды. Москаленск ауданында сауатты 25 қазақтың 18 атылған [2,7 б.].

Бұл ұйымның басшылары арасында жазушы драматург Қ.Кемеңгеров те болды.

17 қарашада Омбы облысының оңтүстік аудандарында мекен ететін 82 қазаққа айып тағылып, оның 64 атылып, қалғандары 10 түзеу лагеріне айдалды. Омбы өңірінің әр түкпірінен ұсталған бірін-бірі білмейтін азаматтарға Айдархан Тұрлыбаев кеңес үкіметіне қарулы қарсылық көрсетуге үгіт жүргізіп, астыртын ұйымға тартқан деген айыптар тағылған болатын. Сонымен қатар сауатты қазақтарға А.Тұрлыбаев басқарды деген топ мүшелеріне «Улем әскері» атты татардың ұйымымен астыртын байланыс орнатқан— деген де жала жабылды.

Енді біз 1937 жылдың қуғын-сүргігінде есімі жиі айтылатын А.Тұрлыбаевқа тоқталсақ. Ол, 1937 жылдың 20 маусымына дейін Омбы облыстық тұтынушылар кәсіподағында заң кеңесші қызметін атқарып жүргенде Омбы облысының НКВД басқармасының қызметкерлері №1188 орденімен Омбы қаласында Мясницкий 80 көшесінде тұратын А.Тұрлыбаевты түн ішінде тұтқынға алып, үйіне тінту жүргізеді [5, 157 п.]. Біздің қолымыздағы құжатқа сүйенсек А.Тұрлыбаевқа Омбы облысының мемлекеттік қауіпсіздіктің үшінші басқармасының екінші бөлімінің бастығы лейтенанттың 5 шілдедегі қаулысында қаралған тергеу материалына байланыстымынадай айып тағылады: «будучи активным алашордынцем во время колчаковской реакции в Сибири выдавал белогвардейцам лиц сочувствующих советской власти. Производил мобилизацию джигитов для борьбы с советской властью. После разгрома белогвардейщины в Сибири продолжал контр националистическую деятельность, направленную на свержение советской власти и создание пан-тюркского государства. Совместно с другими лицами подготовлял к-р кадры для поднятия восстания в период военных осложнений. Поэтому на основании вышеизложенного и руководствуясь ст.ст. 128 и 129 УПК РСФСР.» Постановил гражданину Турлыбаеву Айдархана предъявит обвинение по ст. 58 п. 2, 11 и 13 ук, меру пересечения способ уклонения от следствия и суда оставить прежнюю т.е. содержание под стражей [5, 160 п.]— делінген. Бұл құжаттан біз А.Тұрлыбаевқа тұтқындағаннан кейін жалған айып тағып, қайта-қайта тергегенін көреміз. Құжатта тағылған айыппен А.Тұрлыбаев танысып, қолын қойған.

Шындығында, нақ сол аласапыран уақытта жалғыз іске тартылған зиялылар ғана емес, сол зұлматты оқиғалар куәсі болған әркімнің

шыншылдық, батылдық, шыдамдылық сияқты адами сапалық қасиеттері де сынға алынды. Әсіресе, бұл кез репрессияланған зиялылардың отбасыларына ауыр тиді. Олардың базбіреулері аман қалу үшін өз туғандарынан бас тартуға мәжбүр болса, басқалары араша түсуге әрекеттенеді [6,170 б.].

1940 жылы 5 желтоқсанда Сағида Рахимовнаның – жұбайым Тұрлыбаев Айдарханды 1937 жылдың маусым айында НКВД қызметкерлері алып кетті, қазіргі таңға дейін хабарсызбын, не өлі не тірі екенін білмеймін– деп Омбы облыстық прокурорына жолдаған хаты жауапсыз қалғанға ұқсайды [6,87 п.].

Осы арада А.Тұрлыбаевтың отбасы жайына тоқталсақ, жұбайы Сағида Рақымқызы 1888 жылы Қызылжар қаласында дәулеті асқан отбасыда дүниеген келген. Ескіше, орысша оқыған көзі ашық, көңілі ояу кісі болған. Күйеуі А.Тұрлыбаевты ұстағанда Алматыдағы қызы Софияның үйінде болған. 1938 жылы күйеу баласы Т.Берденовты ұстағанда, қызы София 8-жылға сотталғанда екі немересі Алдан мен Сунниятты қолына алып, оқудан шығарылған үшінші баласы Мұратпен Ханты-мансидағы Леушиде тұрады. Кейін соғыс біткеннен кейін Омбыға қайтып оралады. Қызы София АЛЖИР лагерінен босағаннан кейін Ақмолада тұрып, Алматыға кетеді. Ол 1966 жылы марқұм болады. Оның Айдархан екеуінің төрт баласы болған [7, 266 б.].

София Айдарханқызы Тұрлыбаева (Берденова) (1909-1985). 1909 жылы 15 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар қаласында дүниеге келген. 1928 жылы Омбы қаласындағы педагогикалық бағыттағы 9-жылдық мектепті бітірген соң қалалық оқу бөлімінің жолдамасымен Омбы облысындағы Азово 4 жылдық бастауыш мектепте, 1929 жылдың қыркүйегінен бастап Қызылжар қаласындағы №3 бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Ол 1930 жылы Қызылжар қаласында қалалық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Берденов Тайжанға тұрмысқа шығады. Ал, үйленгеннен кейін күйеуін алдымен Көкшетау қаласындағы «Колхоз жолы» аудандық газетіне, 1934 жылы БКП Қазақ өлкелік комитеті Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік баспасына бас редактор етіп жіберілуіне байланысты сол қалада жұмыс істейді. 1937 жылы желтоқсанда жұбайы Т.Берденовты «халық жауы» деп тұтқындап әкетеді. Ал, София Айдарханқызын 1938 жылы ақпанда «Отанынына опасыздық жасағандардың жарлары ұсталған лагерде» АЛЖИР-ге айдатып жібереді. Ол сол лагерде 8 жыл қамауда болып, елге оралған соң 1985 жылы Алматыда марқұм болады [8, 61-63 б.].

Ризахан Айдарханұлы Тұрлыбаев (1912-1940) жақын туыстарының естелігі бойынша геологиялық экспедиция жұмысына бара жатқан жолда поездда қайтыс болған.

Мұратхан Айдарханұлы Тұрлыбаев (1914-1970) халық жауының баласы ретінде Фрунзе атындағы Ленинград әскери-теңіз училищесіндегі оқуынан шығарылады. Ол тумысынан дарынды зерек еді. Шет тілдерін меңгеріп, әсересе неміс тіліне жетік болған, бірнеше музыкалық аспаптарда ойнаған. Ол оқуынан шығып қалған соң Омбыдағы бухгалтерлік қысқа құрсақ түсіп, оны бітірген соң Туман көліндегі Леуши ауылына– алыс Солтүстікке Ханты-

манси еліне аттанады. Ал, Ұлы Отан соғысы басталғанда Орман өнеркәсібі шаруашылығының брон бергеніне қарамастан жоғарғы орындардың бәріне соғысқа баруға өтініш айтып хат жаза береді. Сөйтіп 1942 жылы майданға аттанып, «Кіші жердегі» Теректе басталған жауынгерлік жолын Кенисбергте аяқтайды. Ол майданда айналасындағыларды неміс тілінде таза сөйлейтіндігімен таңғалдырады. Мықты барлаушы болып, көптеген жауынгерлік марапаттарды ие-ленеді. Мұрат Айдарханұлы соғыстан кейін Омбы қаласында Сібір зауытында қаржы бөлімінің бастығы, 1950 жылы «Красный двигатель» зауытында бас бухгалтер болады. 1959 жылы Алматы қаласындағы Қаржы министрлігінің аға бақылаушы-ревизоры, 1960 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-де бас бухгалтер қызметін атқарады [9, 5 б.].

Лейла Айдарханқызы Тұрлыбаева (1923-2005) әкесін тұтқындағанда қасында болған. Сол сәтте бала Лейла 1914 жылдан бері Тұрлыбаевтар отбасымен бірге тұрып келе жатқан неміс және француз тілінің мұғалімі М.Г. Гронмен үйінде қалған. Лейла мектепті бітіре салысымен М.Г. Грон оны алыстағы Леушиға бірге алып барып, қызды өзінің отбасына қосқан. Ол Мәскеу қаласындағы Орталық шет тілдер курсының сырттай бітіріп, неміс тілінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Ол Алматы шет тілдер институтын бітірген соң Ауыл шаруашылық институтында кейіннен ҚазМУ-да неміс тілінен оқытушы болып қызмет етеді [10.].

Айдарханның немерелері де балалары сияқты өнегелі болып өскен. А.Тұрлыбаев сынды ұлт патриоты ұрпағының тағдыры осындай. Негізі алаш зиялыларының отбасыларының тағдыры тауқыметті болды.

Қорыта айтсақ бір ғана 1937 жылы Омбыдағы Батыс Сібір жерінен 1000–ға жуық қазақ репрессияға ұшырап атылып кетті. Солардың ішінде М.Айтпенев, Қ.Кемеңгеров және А.Тұрлыбаевта болды. Олардың көпшілігі Тұрар Рысқұлов ақталған соң, 1957 жылы ақтала бастады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Самасудов В.М. исторические этюды о репрессиях в Омском Прииртише: -Омск: Издо ОмГПУ, 1998.-233 с.
2. Ахметов Қ. Омбыдағы ойран «Қазақ әдебиеті» №50. 12.12.2003.-7 б.
3. Самасудов В.М «Степные заговорщики» Омский вестник 23 сентября 1993 г. с.6.
4. Самасудов В.М. Большой террор в Омском Прииртише. 1937-1938. Омск: Омский пед. ун-т. 1998. 268 с.
5. Тұрлыбаева Ғ, жеке мұрағаты, (Омбы облысы Федеральдық қауіпсіздік қызметі мұрағатынан алынған 4-қ, п-7879 т.2-т, л -157
6. Қаленова Т.С. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық саяси қызметі (1889-1931 жж.) Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 2001 ж. 194 б.
7. Дулатова Г.М. «Алаштың Айдарханы» Алаштың сөнбес жұлдыздары: Естелік эссе/Гүлнар Дулатова.-Алматы: Мектеп, 2012.-392 б.
8. Алдан Берденов Пережитое (в книге Страницы трагических судеб: Сб. Воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг.//Сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова и др.-Алматы: Жеті жарғы, 2002.-448 с.
9. Бескемпирова А. Путешествие прошлое деда (интервью Турлыбаевой Г) Труд 7 в Омске 29 октября 2008 г. С-5.

10. Потеряв здоровье в лагере, она с благодарностью вспомнила его начальника. Из воспоминаний дочери репрессированного Ляйли Айдархановны Турлыбаевой: Казахстанская правда 9 мая 1998 г.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ (на примере аула Байдалин Омской области РФ)

Кабульдинов З.Е.

*доктор исторических наук, профессор,
директор ОФ "Согласие народов"*

С приходом советской власти во всех республиках бывшего Советского Союза начались массовые политические репрессии в отношении тех, кто был относительно самостоятельным человеком, имевшим свое личное мнение на происходящие события. Были среди них немало образованных и грамотных, которые открыто критиковали не всегда правомерные действия местных и центральных органов власти. Преследованиям подвергались и те, кто был относительно зажиточным человеком, так как советская власть выступила за «уровниловку». Репрессии подверглись и люди верующие, в особенности – священнослужители. Были и обычные доносы, когда межличностные конфликты перерастали в элементарное сведение счетов друг с другом.

Не были исключением и жители Омской области, в том числе и местное казахское население. В настоящее время проблема изучения политических репрессии среди казахов Омской области приобретает особую актуальность. Из всех нерусских народов региона местные казахи подверглись наибольшей степени политическим преследованиям. По нашим оценкам здесь было репрессировано около тысячи наших соплеменников из 32 тысяч репрессированных омичей. Не все из них попали в «Черные книги», изданные в различных областях России и сопредельного Казахстана [1].

Причину массовости и особой «избирательности» репрессии среди омских казахов мы объясняем рядом причин. Именно здесь зародилось мощнейшее национально-освободительное движение Алаш во главе с Алиханом Букейханом. *Во-вторых*, в самом начале XX века коренные жители Омского уезда Акмолинской области были наиболее образованными по сравнению с другими регионами Казахстана. Так, по словам известного общественного и политического деятеля Казахстана, будущего министра просвещения казахской автономной республики С. Садвокасова, казахское население этого уезда считалось одним из самых просвещенных в Казахстане, когда таковых было около 30% от всего коренного населения этой административно-территориальной единицы. А для власти Советов образованная часть общества представляла определенную угрозу и серьезную опасность. *В-третьих*, наиболее зажиточными и состоятельными были скотоводы именно этого уезда, где земледельческие хозяйства составлял всего лишь около 3 %, остальные преимущественно занимались